

Аты аңызға айналған Акжолтай Ағыбай батыр

Қазақ елі тарихында қозғалысқан қаһарман тұлғалар аз болмаған. Откенімізге қозғалысқан ел бірлігін сақтаған кемеңгер билерді, ел қорғаған батырларды, халқың даналықпен басқарған хандарды тани түсеміз. Осыған орай халық аузында «Елді елге ер теңейді» деген сөз бар.

Кешегі откен кенестік заман идеологтары қазақтың тарихи тұлғаларының есімдерін айтқызыбауға ұмтылды. Бұл түсінікті де. Ойткені, Абылай, Кенесары туралы аңыз-әңгімелердің қобінде ел тарихы, халықтың еркіндікке ұмтылысы, жер үшін соғысқан азаттық күресі – барлығы да ел тарихын баяндайды. Қазақты толық отарлап, «біртүтас Кенес халқың» жасамақ болған Ресей тарихшыларына бұл бағыт аса қауіпті деп есептелді. Тарихи тұлғаларды жаңғырту арқылы қауіптен халықтың тарихи санасы да оянады деген қауіптен үрейленді.

Қазіргі кездің талабы бойынша ұлт тарихнамасына көптеген игі өзгерістер енді. Тарихымызда айғакталғандай кейбір тарихи тұлғаларымыз (Абылай, Кенесары) ел тарихына араласып қана қоймай, халқының тәуелсіздігін сақтап қалуға ұмтылды және келешек ұрпақ бұнына мейлінше қолайлы жағдай жасап берді.

Бұл орайда ХІХ ғасырда қозғалысқан Кенесары Қасымұлына ерекше тоқтала түскен жөн. Қ.Қасымұлың ХІХ ғасырдағы қазақ тарихында ел тәуелсіздігі үшін күрескен ерекше тұлға деп қарастыруымызға болады. Әрине, Кенесарытану саласында жазылған зерттеулер, басылып шыққан архив мәліметтері, шежіре деректері аз емес. Бірақ, сол 1837 – 1847 жылдарындағы қотеріліске кімдер қатысты, не үшін қозғалысты қолдады, Кенесарының қоршаған жақтастары кімдер болды деген сұраққа әлі күнге дейін морфологиялық сипатта зерттеулер шыға қоймады.

Сондықтан біз қозғалысқа қатысқан қаһармандарды зерттеуге бет бұрдық. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қотеріліс барысында ерекше қозғалысқан батырлардың

бірі – Ағыбай Қонырбайұлы.

Қаһарман туралы зерттеп, жинақтаған ақпаратты назарларыңызға ұсынамыз.

Шұбыртпалы руынан шыққан Ағыбай Қонырбайұлы 1802 жылы Ұлытау өңірінде дүниеге келіп, 1885 жылы Балқаш көлінің жағасындағы Тасарал қамалында дүниеде өткен. Ол Саржан Қасымов және Сыздық сұлтандар бастаған қотерілістерге белсене қатысқан, ал Кенесары Қасымұлының ұлт-азаттық қозғалысында қолбасшы, сенімді кеңесші, әскери кеңес мүшесі болған. Әкесі Қонырбайдан жастайынан жетім қалған, шешесі – таракты руының атақты Байғазы батырының Қойсана деген қызы. Батырдың отбасылық-әлеуметтік жағдайы нашар болған. Бүгін дәлелді Е.Бекмаханов осы монографиясында былай келтіреді: «Олардың бар байлығы тек «1 түйе, 1 ат» ғана болған. Басқа малдары болмаған».

Ағыбай батырдың жастық шағы туралы мәліметті «Қазақстан тарихы» энциклопедиясынан кездестіре аламыз. Алайда мұнда Ағыбай Қонырбайұлының «13 жасынан бастап қотеріліске қатысты» деген дерек күмән тудырады. Ол әкесінен 13 жасында жетім қалып, анасының жалғыз тірегі болды. Сонда ойлап қорсак, әкесінен айырылған, анасының жалғыз тірегі қалайша соғыс істеріне араласпақ?

Қаһарман туралы деректерді біз құжаттар жинағынан алдық; көптеген мәлімет белгілі тарихшы ғалымдардың зерттеулерінде; шежіре мәліметтерінде кездеседі.

«Ағыбай – иегінің астында ғана сирек сақалды, ұзын бойлы, кен иықты, шұңірек қоз адам еді. Оның қолдары ұзын еді. Сүйікті қаруы тоғыз түйінді, сырғалармен әшекейленген найза болды. Найзасы құлан терісінен жасалған мықты қайыс белбеуінде ілуілі тұратын еді. Арқасында дөңгелек қалқаны, жанында күнге шағылысқан қылышы мен қысқа семсері болды».

Жастайынан жокшылықта өскен, халқының орыс үкіметі тарапынан үнемі езгіде болуын қорықпен өскен Ағыбай Ресейдің озбырлық саясатына қарсы шықты. Оның патша үкіметіне қарсылығы 1824 жылы Гүбайдолла Уәлихановтың Ресей қолына түскен соң басталды.

Ол 1830 жылдын аяғында Саржан мен Кенесары Касымұлдары бастаған қозғалыстарында қозғалыста. Ағыбай 1836 жылы Саржан мен Есенгелдінің және Ержанның Ташкент қысымына барған елшілігіне қатысты. Сол кезде Саржан мен Есенгелді өзбектің қысымдарының қолынан қастандықпен қаза табады. Ал Ағыбай болса бұл оқиғадан аман-есен қытылып кетеді. Оған қастандық жасалар түні өзбектерге келін болып жүрген рулас қазақ қызы қытқарылуды айтып, болатын қастандық туралы мәлімет береді.

1837 жылы Кенесары Касымұлы бастаған қотеріліске батыр туыстарымен бірге қосылады. Оған дәлел ретінде Е. Бекмахановтың монографиясында: «Ол өзінің бауырлары Мынабай, Танабай, Мынбаймен (оларын ағайындарын санағанда 62 ұй болған) бірге қотеріліске алғашқы күннен бастап қатысқан. Бәрі де Кенесары хан әскері қатарында шайқасқан», - делінеді.

Сонымен қоса, 1837 жылы Ағыбай Ақмола қақызын ортеуге қатысқан. Галым Р.Бердібайдың «Аңыздың жалғасы» атты мақаласында осы оқиғаны толығырақ сипаттаған. «Сансыз қалын әскер Ақмоладағы жауыз патша Николайдың он қозғалыстары мен қазақ-орыс қымырайларға қазақ тартты. Қамал соғып, берік бекінген жау қызғаймады. Кененің ақылғой қолбасшысының бірі, тақыр білгіш, айлакер, жолшыл ері шыртырталы Ағыбай батыр еді: «осы қаланы, мына қырттар мен қазақ-орыстың шапандарын қып алып, май жағып, от қытатып, ұйлердің үстіне тастайық, содан қала ортенеді, қамалдағылар еріксіз шығады, оларды сонда жасытармыз», - деді.... Қала алай-түлей орт, айқай-ұйқай, ұ-шуга толды. Соғыс тынбастан бір жетідей болды.... Кененің қалын әскері Қығенжардың басында шатыр тікті».

Қағарман қотеріліске ең басынан бастап қатысып, Кенесарының алдында тек жағымды қырларымен қорынды. Солайша, ол Кенесары ханның сенімді қенесшісі, жақын серігінің сыйлы орнына ие болды. Сондықтан 1837 – 1847 ж. аралығында қырылған Хан Кенесінің мүшесі болып тағайындалған.

1844 жылы тамызда Кенесары жана жөнске жетеді. 14 тамызда Наурызбай мен Ағыбай батырлар бастаған отрядтар тікелей шабуыл жасап, Екатеринбург қаласын алады.

1845 – 1846 жылы Ұлы жүз жеріндегі Ұйсін Болтірік батырымен қақтығысты. Бұл қағаранда Ұлы жүздің кейбір топтары өз билігін сақтап қалу үшін, қотерілісшілерге қарсы шықты.

1847 жылы Кенесары ханнын Көкілік тауындағы қырғыздармен шайкасында Наурызбаймен бірге дұшпан шебін бұзып өтті.

Коптеген ғылыми еңбектерде Кенесары Қасымұлы көтерілісінен кейін Агыбай батырдың не істегені айтылмайды. Шежіре деректеріне (М.Ж.Копеев), И.Байзақовтың дастандарына қарағанда, 1847 жылғы Кенесары ханнын өліміне байланысты Агыбай батыр Ресей үкіметі қарсылығын тоқтатпай, Сыздық төремен бірге қырғыздарға, кейінірек 1849 жылға дейін Ресей патшалығының қамалдарына өз бетінше шабуылдар жасаған.

Батырдың соңғы кезеңі, яғни 1860 – 1864 ж.ж. Түркістан қаласын қорғаған шайқасқа қатысуымен аяқталады. Түркістан, Кокан әскерін басқарушы Сыздық төреге көмектеседі. Ұрыс барысында қазақ әскері зор ерлік көрсеткенімен, патша үкіметінің күші басым болды. Олар қару-жарақтармен жақсы жабдықталған еді. Солайша, қаһарман соғыс кезінде жараланады. Жағдайы нашарланып, өлім мен өмір арасында жатқанда қасиетті түс көргені туралы дерек Р.Бердібайдың «Аңыздың жалғасы» атты мақаласында келтіріледі: «Түркістан, Иқан үшін соғыс – Агыбай өмірбаянының ең қасиетті беттерінің бірі. Осы аңыздағы ғажәп сұлу әпсана – Агыбайдың көрген түсі. «Тан ата зенбіректердің гүрсілі естілді. Қазақ әскері зор ерлік көрсеткенімен, көп шығынға ұшырайды. Себебі – зенбіректердің аздығынан. Агыбай жараланып, есінен танып құлаған екен. Құлаған жерде Агыбай түс көреді. Түсінде Хазірет сұлтан аян беріп, «Ақжолтай батыр, келген жерің осы, батырлығыңның біткен жері осы. Найзаның орнына құран ұстайтын кезің келді. Осы жақын жерде Қошқар-Атаның суы бар, сол саған ем болады, жараларың жазылады» деп айтқан екен. Агыбай есін жинап қараса, айнала тып-тыныш, әрлі-берлі жүрген жүрген шырақшыны шақырып алып, «Қошқар-Атаның қасиетті суын әкел» дейді. Ем алған соң, Агыбай жергілікті қонырат батырларын жинап, Иқан деген жерде орыс әскерімен майдан ашып, соғысқан екен».

1847 жылы Агыбай батыр қоршауды бұзып өткен. Бұл оқиға М.Ж.Копеевтің шежіре-қолжазбасында 2 түрлі нұсқада баяндалады.

«Естібай құдың айтуы бойынша: «Дулат қырғызға қарай қашты, Кене қолы Сарыарқаға қашты. Қазақтың қобі таудан құлап, аты бір жаққа домалап, өзі бір жаққа домаласып, олгені өлді ме, өлмей тірі қалғаны қол терілері ойылып, табан терілері сойылып, ес кетті, жан шықты дегенде ел тапты.

Агыбай батыр туын жыкпай тан атканша түрган жерінде түрып калды. Тан аткан сон, ок бойы озі алда жүріп: «Агыбай!» - дегізіп, жолдастарын шулатты да отырды. Кыргыз как жарылып жол бере берді. Бір кыргыз беттен бөгеге бата алмады. Сол жүргеннен жүріп отырып, тайдай тал түсте аман-есен күтылып шыкты.

Кенеге тігілмеді алтын шатыр,

Топалан тиген койдай казак жатыр,

Бас екен шубыртпалы ер Агыбай

Күтылган есен-аман сексен батыр.

Бул создерді Естібай, Бестібайдын Естібайы сойлеген. Естібай ку атанган. Озі есалан, жынды кісі болып, есебін тауып, кулыкпен күтылган» (Мәшүр колж. 1 үлгі).

Ал енді екінші нускасында окига барысы керісінше берілген. Агыбай 80 батырымен коршауды бұзып жарып, каша ұрыс салып күтылады: «Кенесары ханнын колы дулат дүркірей жонелген сон, түн ішінде сатырлап кашты. Кене хан озі түрган жерінде түрып кала берді. Агыбай, Жанайдар 3 кайырылып барды: «Жүрініз, таксырлап». Хан болмады.

Сонда кыргыз Суданбек деген ханга кылыш суырып дүрсе коя бергенде, Жанайдар батыр Суданбекті жанаса беріп шауып калганда, Суданбектің басы допша домалап жерге түсті. Содан сол кылыш «Суданбекті шапкан кок кылыш» атанды. Жанайдар батырдың үйінде әлі бар.

Ханның кашпасын білген сон, Аргынның 80 жігітімен Агыбай, Жанайдар бірі алдынан кезеуілші болып, бірі артынан тоскауылшы болып, куып кеткен кыргыздарды шаншып

тастап, аман-есен кутылып елге келді» (Сәһһүр колж. 2-нуска).

Ағыбай батыр оз елінін беделді, әрі атакты батыры болған. Онын данкы, абыройы жайын да Иса Байзаковтын «Койшынын ертегісі» поэмасында томендегідей жолдармен беріледі:

Білмеген Ағыбайды ел болмаған,

Тен келіп карсыласар ер болмаған.

Ағыбадын үш жүзге данкы кетіп,

Ол кезіп, ол бармаған жер болмаған.

Сонымен қатар, батырдын аталып откен ерліктерін жоғары бағалаған казактын акын жазушылары да аз болмаған. С.Сейфуллин «Акжолтай Ағыбай батыр» атты роман, Жүсіп Алтайбаев ол туралы повест жазып кеткен.

Халык арасында Ағыбайды «Акжолтай» немесе «Косе» деп атаған. Ол ханнын бас батыры, кенесшісі болған. Кенесары оған деген үлкен құрметін корсетіп, оны «Косе» дейтін. Бұл туралы Е.Бекмаханов озінін ғылыми еңбегінде атап корсетеді: «Ағыбайдын котерілісшілер арасында қатты құрметтелетінін Кенесарынын әйелімен арасындагы мына бір әңгімеден аңғаруга болады: бірде ханым Кенесарыдан: «Сіз кол астыңыздагы кейбір батырларыңызга мын басы, бес жүз басы деген ат бересіз, ал осы аттардын біреуін Косеге (Ағыбайга) неге бермейсіз?» деп сұрайды. Сонда Кенесары: «Менін әскерімнін бастапкы шебі жауга «Абылайлап» шапса, ал кейінгі қатары «Ағыбай» деп ұран салады. Міне, сондықтан оған әскери атак бермеймін», - деп жауап катады». 1841 жылы хан оған күмістелген канжар тарту етеді, ол канжар кейін 1896 жылы бүкілресейлік кормеде корсетіледі.

Ағыбай қотерілістің сонына дейін Кенесарыға деген адалдығынан айныған жоқ. Хан қаза тапқан соң, Ағыбай шұбыртпалы руымен қазіргі Ақмола облысының территориясына қоныс аударып, 83 жасында Қайрақты деген жерде қайтыс болады. Батырдың жанашыр халқы оның мәйітін Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерлемек болады. Алайда орыс мемлекетінің озбырлық отарлау саясаты бұған жол бермеді. Осылайша, Ағыбай батыр Сарыарқа мен Бетпақдаланың шектескен Тайатқан-Шұнақ деген жерінде жерленеді.

Оз елінің қамын ойлай отыра, белгілі бір ерлік әрекет жасауы арқылы халық арасынан ерекшеленіп шыққан адамды біз тұлға деп түсінеміз. Осылайша біз Кенесары ханның қозғалысына қатысқан Ағыбай Қонырбайұлының жеке тарихи тұлға деп қарастыруды жөн қордік.

Ағыбай – қотеріліс барысында Кенесары ханның әрдайым жанында болған сенімді кеңесшісі, әскери кеңестің мүшесі, ханның ерекше жасағының қолбасшысы. Батырлар арасында үлкен құрмет пен беделге ие болған, ал халық арасында аты аңызға айналған келешек ұрпаққа үлгі болар қаһарман.

Сан жылдар бойы ел тәуелсіздігі үшін күрескен Ағыбайдай батырларымыздың өмірі мен жасаған ерліктері жайлы мәліметтерді қазіргі таңда бейбіт өмір сүріп жатқан жұрт алдына насихаттау біздің ортақ парызымыз.

Естай Жүсіпов,

тарих ғылымдарының кандидаты,

Рауза Амангелді,

Пакизат Масғұтова,

Айдана Байкулова.

«Айбын», 1, 2009, 13-18 бет